

Талапкер өзін куәландыратын құжаттарын нақты өзі тапсырады.

Қабылдау комиссиясына келесі құжаттар тапсырылады:

1. Білім туралы құжат (түпнұсқасы және көшірмесі).
2. № 075-У нұсқадағы медициналық анықтама, I және II топ және балалық шақ мүгедектеріне дәрігерлік еңбек-сараптау комиссиясының қорытындысы (ДЕСК).
3. 2022 жылғы флюоросурет.
4. 3 x 4 фотосуреті – 4 дана.

Ескерту

Қабылдау комиссиясына ұсынылатын құжаттар: жеке куәлік (көшірме) немесе туу туралы куәлік. Талапкердің ЖСНі Квотаға жататыңызды растайтын құжат.

Қабылдау комиссиясы 2022 жылдың 25 маусымынан бастап құжаттарды қабылдайды

Біздің мекен-жайымыз: Көкшетау қаласы Глинин көшесі, 54 үй
тел. 52-14-84, 31-56-20
Web-сайт: www.kmk.kz
E-mail: kwmk@kmk.kz
IP адрес: 88.204.234.21



Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Көкшетау жоғары медициналық колледжі» МҚКК



1. Мемлекеттік лицензия сериясы № KZ79LAA00008091
2. ІА № 004 институционалды аккредитация туралы куәлік

3. SA № 0001 мамандандырылған аккредитация куәлігі

3.1. «Емдеу ісі»

3.2. «Медбикелік іс»

3.3. «Стоматология»

мамандықтары бойынша

4. Сапа менеджмент жүйесінің ҚР МемлСТ ИСО 9001-2016 талаптарына сәйкестігінің сертификаты

Көкшетау жоғары медициналық колледжі —

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы, материалдық-техникалық базасы даму жолындағы, отандық және шетелдік денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарымен белсенді және тең дәрежеде серіктестікте жұмыс істеп келе жатқан, білім беру ісінде инновацияны кеңінен қолданатын алдыңғы қатарлы заманауи оқу мекемесі.

Негізгі міндеті – денсаулық сақтау саласындағы медициналық-санитарлық және әлеуметтік қызметкерден бастап мейірбике ісінің жоғары білікті маманына дейінгі түрлі деңгейлі және бейінді мамандарды кәсіби дайындау және қайта даярлау. Колледж ұсынатын білім беру қызметінің сапасы түлектердің еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

Біздің жетістіктеріміз:

Колледж білім берудің сапасын қамтамасыз ететін тәуелсіз қазақстандық агенттікпен ұлттық аккредитациядан, ҚР денсаулық сақтау Министрлігінің Мемлекеттік аттестациядан, сапа саласындағы сертификациядан өтті.

Колледж білім беру жүйесіндегі дамуы мен инновациялық істері үшін халықаралық «Алтын үкі» сыйлығына қол жеткізді.

Медициналық колледждер арасындағы білім берудің сапасын қамтамасыз ететін тәуелсіз қазақстандық агенттікпен медициналық колледждер арасында өткізілген ұлттық рейтинг нәтижесі бойынша 1 орынды иеленді.

Оқытушылар мен студенттер жыл сайын Республикалық байқаулар мен конференциялардың жеңімпаздары болып табылады.

Литва, Ресей, Финляндия, Дания елдердің мамандар қатысуымен орта медициналық қызметкерлерге арналған мастер-класс ұйымдастырылды.

Медбикелерге арналған «Мейірбандылық және ержүректілік» халық мұражайы бар.

Көкшетау медициналық колледжі Ақмола облыстық Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Көкшетау жоғары медициналық колледжі» болып атауын өзгертті.

Студенттердің клиникаға дейінгі дайындығы арнайы кабинеттерде жүргізіледі:

оқу-клиникаға дейінгі медбикелік технологиялардың орталығы;

педиатрия, акушерство және гинекология, клиникаға дейінгі тәжірибемен балалар аурулар қосымша кабинеттермен ана мен баланың клиникаға дейінгі оқу орталығы;

клиникаға дейінгі тәжірибемен ішкі аурулар кабинеті, терапия бойынша симуляциялық кабинеттер;

фельдшерлік-акушерлік пунктін (ФАП) оқу моделі;

клиникаға дейінгі тәжірибемен хирургиялық аурулар кабинеті;

оқу-операциялық кабинеті;

хирургиялық және терапиялық стоматология симуляциялық кабинеттер;

гигиена зертханасы;

микробиология зертханасы;

оқу прозекторий т.б.

Клиникадағы дуальді оқыту студенттерде тәжірибелік кәсіптік іскерлікті қалыптастырудың, тәжірибе бағдарламасымен қарастырылған жалпы және кәсіптік құзыреттіліктерді игеру барысында тәжірибеге ие болудың шарты болып табылады.

Студенттердің білім деңгейін арттыру үшін құрылды:

заманауи халықаралық стандартқа сай ақпараттық-коммуникативтік технологиялар;

оқу үрдісіне мониторинг және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында колледж аймағына бейнебақылау;

соңғы буын компьютерлерімен жабдықталған кабинеттері;

тілдік дайындаудың лингафон кабинеті;

мультимедиялық кабинет, электронды кітапхана;

студенттерге тегін, оқуға қосымша ақпарат алуларына мүмкіндік беретін wi-fi жүйесі;

әлемнің кез-келген түкпірімен online тәртібінде дәріс өткізуге мүмкіндік беретін телекоммуникациялық құрылғылары бар бейне-конференц зал;

оқу, оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен, компьютерлер, принтер, электронды оқулықтармен жабдықталған кітапхана;

қашықтық оқыту орталығы, біліктілікті арттыру бөлімшесімен симуляциялық орталығы;

студенттердің демалуына, бос уақыттарын өткізуіне жатақханада бар жағдайлар жасалған.

Оқыту келесі мамандықтар бойынша жүзеге асырылады:

| | |
|--|--|
| 0301000 «Емдеу ісі» 9-11 сынып 11 сынып | - Оқу: қазақ және орыс тілдерінде - Оқу мерзімі: 2 ж. 10 ай, 3 жыл10 ай - Біліктілігі: «Фельдшер», «Акушер(-ка)» |
| 0302000 «Медбикелік іс» 9-11 сынып ТжКБ негізінде 11 сынып | - Оқу: қазақ және орыс тілдерінде - Оқу мерзімі: 2 ж. 10 ай, 3ж 10ай. - Біліктілігі: «Жалпы тәжірибедегі мейіргер» - Оқу мерзімі: 1 ж. 6 ай - Біліктілігі: «Медбике ісінің қолданбалы бакалавры» - Оқу мерзімі: 3 ж. 6 ай - Біліктілігі: «Медбике ісінің қолданбалы бакалавры» |
| 0303000 «Гигиена және эпидемиология» 11 сынып | - Оқу: орыс тілінде - Оқу мерзімі: 2 ж. 10 ай - Біліктілігі «Гигиенист-эпидемиолог» |
| 0305000 «Лабораториялық диагностика» 11 сынып | - Оқу: орыс тілінде - Оқу мерзімі: 2 ж. 10 ай - Біліктілігі «Медициналық зертханашы» |
| 0306000 «Фармация» 11 сынып | - Оқу: орыс тілінде - Оқу мерзімі: 2 ж. 10 ай - Біліктілігі «Фармацевт» |
| «Стоматология» 9 сынып | - Оқу: орыс тілінде - Оқу мерзімі: 3ж.10 ай |

Конкурс келесі пәндер бойынша өткізіледі:

| | |
|--|--|
| 11 сынып негізінде | |
| «Емдеу ісі», «Медбикелік іс», «Гигиена және эпидемиология», «Лабораториялық диагностика», «Әлеуметтік жұмыс» «Фармация» «Стоматология» | 1. Қазақ/Орыс тілі 2. Қазақстан тарихы 3. Биология 4. Химия |
| 9 сынып негізінде | |
| «Медбикелік іс» «Емдеу ісі» «Стоматология» | 1. Қазақ/Орыс тілі 2. Биология 3. Химия |